



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M05101 – Биологиялық және аралас ғылымдар (Биология)

**БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
МАҚСАТЫ**

Биологияның іргелі және өзекті бағыттары бойынша терең, жүйелі теориялық білім мен практикалық дағдыларды игерген, өзін-өзі дамытуды және ғылыми-зерттеу, талдау және педагогикалық қызметтерді жүзеге асыратын магистрлерді даярлау

**КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ  
САЛАСЫ**

Ғылыми-зерттеу қызметі, мемлекеттік реттеу, биологиялық сараптама және мониторинг, педагогикалық қызмет

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН 1** – мамандықтың жоғары әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, кәсіби этика қағидаларын сақтайды, кәсіби қызметте (ғылыми және педагогикалық) нормативтік құқықтық актілерді және электрондық құжаттаманы жүргізу негіздерін қолданады;

**ОН 2** – теориялық және әдіснамалық талдау дағдыларын меңгерген, болжау және жоспарлау әдістерін практикада қолдана алады, зерттеу және практикалық міндеттерді шешу үшін мамандық бойынша білімді және пәнаралық білімді синтездей алады;

**ОН 3** – өзгертін қоршаған орта жағдайларына бейімделеді және әртүрлі пікірлер жағдайында басқарушылық шешімдер қабылдайды; жаңа идеяларды қалыптастыру мүмкіндігі бар;

**ОН 4**- биологияның арнайы салаларында іргелі білімді қолданады; зерттеулер мен кәсіби қызметте биологиялық процестер мен құбылыстарды модельдеу және талдау үшін негізгі биологиялық және компьютерлік әдістерді таңдайды және қолданады;

**ОН 5** – қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, ғылыми-өндірістік және білім беру ортасында кәсіби қызметті ұйымдастыру әдістерін біледі;

**ОН 6** – әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру дағдыларын көрсетеді;

**ОН 7** – ғылыми ақпаратты талдайды, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тиісті тұжырымдар мен қорытындыларды сауатты құрастырады;

**ОН 8** – негізгі жалпы биологиялық ақпаратты түсінеді, баяндайды және сыни тұрғыдан талдайды; теориялық негіздерді, негізгі ұғымдарды, биология заңдарын қолданады.